

Жүмекеннің «Балаусасы»

Жүмекен Нәжімеденовтің тұңғыш кітабы «Балауса» жыр жинағының жарық көргеніне биыл алпыс жыл толып отыр. Көп жағдайда біз ақындардың әбден толысып, кемеліне жеткен шағында дүниеге келген шығармаларына көңіл бөлеміз де, әдебиеттің есігін аттауға куәлік алған балапан жырларына назар аударуды ұмытып кетеміз. Жүмекен шығармашылығы туралы сөз айтқандардың ішінде жазушы Әбіш Кекілбайұлының ғана әңгіме барысында «Балаусаға» азды-кем тоқталғаны болмаса, ақынның шығармашылық әлемінің табиғаты мен күрескерлік рухын аша түсуге көп септігін тигізетін осы жинаққа көз қырымызды салған кезіміз шамалы екен.



Кез келген ұлы ақынға халықтық Рухтың құбылы ретінде қарай алмайтын салғырттығымыздан Жүмекендей ірі талантымыздың мұрасын әлі күнге дейін жұртқа дұрыстап таныта алмай келеміз. Өнер арқылы жас буынның бойындағы отаншылдық сезімін оятуға тамызық болатын осы мәселеде еліміздің Ресей мемлекетінің өз әдебиетін насихаттауды жолға қойып, әрекет етіп жатқан ісінен үлгі алатын өнегесі көп. Мысалы, Ресейде ұлттық әдебиетінің негізін қалаған Пушкин творчествосын зерттеген қаншама көл-көсір жұмыстар жасалуда. «Пушкинтану парақтары» деп аталатын монографиялық еңбегінде әдебиеттанушы Сауытбек Абдрахманов «Библиография произведений А.С.Пушкина и литературы о нем. 1937-1948» деген бір ғана жинақта ұзын саны 7012 кітаптың, зерттеудің, мақаланың аты тіркелгенін мысалға келтіріпті. Жарияланған басылымы

көрсетілген 747 беттік бұл кітап небәрі он жылда, оның өзінде елде баспа да көбейе қоймаған, газет-журнал да аз шығатын отызыншы, қырықыншы жылдардағы он жылды қамтығанын, оған облыстық, аудандық газеттердегі жарияланымдар енбегінің, ең бастысы – шет тілдердегі Кеңес Одағының ұлт тілдеріндегі дүниелердің атымен сырт қалғанын ескерсек, пушкинтанудың алапат ауқымын өзіңіз де аңғара аласыз.

Өкінішке қарай, біздің әдебиетімізде классиктеріміз жайында іргелі еңбектер жазу ісі дұрыс жолға қойылмағандықтан, ірі суреткерлеріміз бен ақындарымыздың шығармашылық психологиясын (психология творчество) зерттеуге сыншыларымыздың әлі тереңдей алмай жүргені жасырын емес. Сондықтан Жұмекен творчествосын танудағы ашқан жаңалығымыздың қайыршыға тастаған кедейдің садақасындай аянышты күйде екенін несіне жасырамыз.

Шығармашылық психологиясы зерттелмесе де, поэзия әлеміндегі тарланымыз Қадыр Мырзалиевтің алғашқы жыр жинағының қазақ поэзиясына жаңалық әкелгені әңгіме барысында азды-кем айтылып қалады. Неге екені белгісіз, Жұмекен жайында сөз бола қалса, ақындық ізденістерінің қалай дамығанын бажайлап, шығармашылық көңіл-күйінің қалай құбылғанын жан-жақты саралай түсуге мол мүмкіндік беретін оның тұңғыш жинағы «Балаусаны» тарс есімізден шығарып, әңгімемізді бірден «Күй кітабы» немесе «Менің топырағымнан» бастаймыз. Әдеби сынымыздың кесірлі әділетсіздігінен ұлттық поэзиямыздағы құбылыс болған, өрнегі өзгеше тоқылған Жұмекеннің бұл жинағы әлі күнге дейін өзіне лайық бағасын алған жоқ. Жүрегіне салмақ түсіріп, ауруханада емделіп жатып, өмірінің ең соңғы күндерінде жазған күнделігін шолып шығып, осы бір әділетсіздіктің ақын жанын да жабырқатқанын аңғардық.

«Қазір жұрт мен туралы: «бұ қайдан шықты?» деген сауалдан, соған жауап іздеуден ауыса алмай жүр. Вознесенскийді аударды – содан шықты ма? Евтушенконы көп оқушы еді – содан шықты ма?

Әлде Мұхтар мен Қадырдың бірінен шықты ма? Нәжімеденов қалай өзінен-өзі шыға қалады? Әйтеуір «шығуы» керек еді ғой? Неткен сауатсыз жұрт! Мен осы топырақта өлең жазған қай замандасымнан болса да бұрын шықтым ғой. Мен шыққанда («Балауса» 1961 жыл) әдебиетте Төлеген, Мұхтар түгілі Мұқағали, Қадыр да жоқ еді ғой?» (1983 жылы жазған ақын күнделігінен)

Айтылған сөздердің жаны бар. Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілдері болып табылатын ақындарымыз Төлеген Айбергеновтің алғашқы жыр жинағы «Арман сапары» – 1965 жылы, Мұхтар Шахановтың тұңғыш кітабы «Бақыт» – 1966 жылы, Қадыр Мырзалиевті қалың жұртқа танымал еткен туындысы «Ой орманы» 1966 жылы жарық көріпті. Солай бола тұрса да, біз күні бүгінге дейін алпысыншы жылдар поэзиясындағы дүмпулер мен жарылыстардың алтын бастауында Мұқағали да, Төлеген де, Қадыр да, Мұхтар да емес, қазақ жырының дарабоздары Ғафу Қайырбеков («Дала қоңырауы», 1956 жыл), Сағи Жиенбаев («Сыйлық», 1960 жыл), Тұманбай Молдағалиев («Кәмила», 1960 жыл) пен Жұмекен Нәжімеденовтердің («Балауса», 1961 жыл) тұрғанын айтудан қашқалақтаймыз. Неге?

Оқырман көңілін жаңаша серпілткен рух самалын қазақ поэзиясына әкелген тамаша ақынымыз Қадыр Мырзалиевтің «Ой орманы» жарық көргенде, біз ол кітаптың табанын жерге тигізбей, көкке көтеріп мақтадық. Өлең өлкесіне тыңнан жол салған, соны туынды екенін айтып, баспасөз бетінде оқырманнан сүйінші сұрағандай, жарыса жазғанбыз. Дегенмен «Ой орманына» кеңшілік жасаған әдеби сынымыздың Жұмекеннің шын мағынасындағы құбылыс болған «Балаусасын» елемей қоюының себебі неде? Біздің айтпақ ойымыздың төркінін дұрыс түсінуіңізді сұраймыз, қымбатты оқырман. Ешкім де сөз өнерінде өз биігін межелеп кеткен Қадырдың «Ой орманына» берген әдеби қауымның бағасын төмендеткісі келіп жатқан жоқ. Өнерге абырой әпермейтін ондай ниеттен атымен аулақпыз. Ұлттық өрісі тарылып, жырлайтын тақырыбы тақырланып бара жатқан қазақ

лирикасында ой ағысының тасқынын туғызған «Ой орманы» расында да сол мезгілдегі ұлттық поэзиямыздың зор табысы болды. Бірақ неге біз тигізген шарапаты одан кем болмаған әдебиеттің басқа құбылыстарына әділеттің көзімен қарай алмаймыз? Қадырдай ірі ақындарымызға жасалып жатқан қандай да болса құрметті көпсінуге болмайды. Әйткенмен, қазақ поэзиясының тарландары Сырбай, Ғафу, Жұмекен, Төлеген, Өтежан, Меңдекеш, Зейнолла, Тұманбай, Дүйсенбек, Фариза, Сағи, Кеңшілік, Жарасқан, Жұматай, Дәуітәлі, Тынышбайларға дәл осындай ітифат таныта алмай жүргеніміздің себебі неде? Неге көзі тірісінде бір-бірінің талантын құрметтеп өткен ақындарымызды өлген соң алалайтын болдық? Аты ауызға алынбағандықтан поэзиямызға лирикалық биязылық пен жылылықтың лебін алып келген Сағи Жиенбаевтай ақынның болғанын бұл күні халық ұмыта да бастағандай. Талантты ақындарымыздың қай-қайсысы да халқымыздың рухына қанатымен су сепкендей болған әдебиетіміздің қарлығаштары емес пе еді.

Әдеби сынымыздың «Жұмекен қандай ақын?» деген сұраққа мардымды жауап таппай «терең ақын» деген сөзге желімше жабысып қалғанына да міне отыз жылдың жүзі тақап қалды. Басқалар түгіл, Жұмекен творчествосы жөнінде жақсы жазған ақын Темірхан Медетбек те осы сөзге қайта-қайта қадалып, оны айналсоқтап, терең деген сөзге ерекше көйлек кигізгісі келіп, бірін-бірі толықтыра түсетін ұғымдарды, қалай қарсы қойып алғанын байқамай қалады.

«...әр ұлы ақынның өлшемі болады. Олай болса, Жұмекен Нәжімеденовтің өлшемі – тереңдік. Сөз жоқ биікте тұру мен кеңістікте жүру де қиын. Ал бірақ тереңдікте жұмыс істеу қиын ғана емес, аса ауыр да. Кеңістікті игеруге де, биіктікті меңгеруге де болады. Ешқандай асқандық деп ойламай-ақ қояйық, рухани кеңістігіміз бен биіктігіміз біршама игерілген де...»

Талантына зор құрметпен қарайтын Темірхан ағамның осы айтқан пікірлерінің ешқайсысымен де өз басым келіспеймін. Егер

біз биіктік деген ұғымды аспан деп ойласақ, космос корабльдеріміз де жете алмай жүрген миллиондаған жұлдыздар бар ол әлемде. Егер біз кеңістік ұғымын далаға телісек, біз әлі күнге дейін түсіне алмай жүрген қаншама сыр жатыр онда.

Өнер әлеміне парасат тауының биігінен қарап, шығармашылық құшағын кеңге жая білетін ақын жүрегінен ғана терең ойдың бұлағы ағылады. Егер сіз Жүмекеннің «Балаусасын» оқыған болсаңыз, ақын жанының дархан даладай кеңдігіне қызығып, жапырағы биіктеп, тамыры тереңдеп кеткен өлеңдеріне риза болып, топырақпен емес, таспен тістесіп жатқан рухының қайсарлығына сүйсіне түсесіз ғой.

Сөзімізге дәлел керек десеңіз, ақынның жалт-жұлт еткен гауһар тастай көз жауынды алатын өлеңдерден тұратын «Балауса» жинағының кез-келген бетінің дәмді жерінен мысал келтіре кетейін.

* * *

*Бал балауса байтақ өлке кең мекен,
Бала гүлді кім оятты жел ме екен?
Сен кетпеші шыңды тастап, ақша бұлт,
Кету керек болса түбі – мен кетем...*

* * *

*Аяз, аяз!
Бозарды бет шымырлап,
үлпек қарда ізім қалды қыбырлап.
Қыс келгенін, мұз басқанын даланың,
Суық жел тұр құлағыма сыбырлап.*

* * *

*Ұщқыр болсаң қара бұлт,
шың қабағын баспас ең?
Көк төсінде жаралып
қалай қондың тасқа сен?*

* * *

*Жүріп келем қара жолда асығып,
(Осы жолдың аяғы – арман, басы – үміт)*

Мен дайынмын

*Тауық болып теруге
өз тағдырым тары болса шашылып.*

Анау таудың басына

Қарашы бұлт тиюін.

Бұлттар, бұлттар жасырма

Табиғаттың биігін.

Шомылып мөлдір өзенге,

сергіп те қап ем оянып.

жауапты бір кезеңге,

Келіп те қаппын таянып.

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен

Батырлық па? – Өз төрімде күтіп алам, түнетем.

Байлық болса қулау болар, тура қара көзіне.

Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.

Қайғы болса артында оның қуанышы бар шығар,

бірі кірлеп, бірі жуып кеудем менің аршылар.

Бақыт болса, денем әлсіз көтере алман (өз ойым)

арман болса өмір-бақи арқалайын, төзейін...

Адалым боп арнап келсе – барым әзір, көңіл хош,

түсір жылдам, атын байла, қырауын қақ, тонын шеш.

Шындық болса кілем төсе, дастарқаным жаямын,

жалғандық па – тулақ таста, сүріп шықсын аяғын.

«Балаусадағы» көзіміз түскен жерден маржандай қылып теріп алған жыр шумақтарында аспандағы жұлдыздарға қолын созған асқақ арман да, дархан даламыздай кеңдік те, теңіздің түбіндей тереңдік те бар. Асылы ақын қолына қалам алып, көңіл теңізін дауылдай толқытып, жанына тыныштық бермеген мазасыз

ойларын қағаз бетіне түсіретін кезде қандай да бір терең ойды айтамын деген мақсат қоймаса керек. Алдына ондай мақсат қойған ақын міндетті түрде жасандылыққа ұрынады.

Әдебиет әлеміне ой қыдыртып, атақты Гомердің «Иллиада», «Одиссея», Вергилидің «Энеида», Шығыс шайырлары Фирдоусидің «Шахнама», Низамидің «Ескендір-нама», Румидің «Мәснәви» дастандарын, Батыс поэзиясының алыптары Петрарканың «Лаура», Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», Байронның «Корсар»..., болмаса тіпті төл топырағымыздағы мысалдарға жүгініп, Ілиястың «Құлагер», Мағжанның «Батыр Баян», Мұқағалидың «Райымбек», Жарасқанның «Дала сенің ұлыңмын», Кеңшіліктің «Иманжүсіп», Есенғали Раушановтың «Келінтөбе» поэмаларын есімізге түсіріп көрейікші. Осы аталған шығармаларда эпикалық сарын, махаббаттың нәзік сәулесі, имандылықтың қағидалары, тарихи оқиғалардың тізбегі, өнер адамдарының жан қайғысы, даламыздың кеңдігі мен рухы бар, бірақ тереңдік жоқ деп айта аламыз ба? Жоқ. Әр талантты ақын өзінің шығармашылық табиғатына тән тәсіл мен бояулар арқылы тереңдіктің сырын ашады. Жүз жерден ұлы болса да, жұрттың бәрі сөз патшалығындағы тереңдікті іздеуде Гете мен Абайлар салған жолмен жүре берсе поэзия баяғыда-ақ ешкімге қызық болмай қалар еді. Жұмекеннің «Балаусасындағы» мына бір өлең жолдарына назар аударыңызшы.

*Қандай үміт артар едің, жаңа күн,
көктемде бүр жарсам мен ашылып.
Бір ғажайып бәйтерек боп талабым,
бұтағыңа ұя салар жас үміт.*

*Жолаушы едім, үмітімді қуған ем,
мені сенім, сенімді мен әлдилеп.
Шаршармын мен, сонда-дағы туған ел,
бір бұтаңа сүйенермін қалғи кеп.
Жортармын мен күн-түн қатып сабылып,*

қалар алыс бұйра тозаң бұлдырап.

Тыныстармын аспан бұлтын жамылып,

Ай астында ақ бұлақ боп сылдырап.

Алғаш оқығанда ақындық жанардан бір тамшы жастай болып үзіліп түскен лирикалық шығармада тамылжыған табиғаттың сұлу көрінісі ғана бар сияқты болып көрінеді. Шеберлік тұрғысынан назар салсаңыз, әлі он екіде бір гүлі де ашылмаған жас жігіттің шағын миниатюралық өлеңнің қауызына бүршік атқан сезімін де, таудай биік талабын да, ай астында толқыған асқақ армандарын да қалай сыйғызып жібергеніне қайран қаласың. Таза да шынайы қалпында жүрек қойнауынан шығып, ақынның жан әлемімен гармониялық үйлесім тапқан табиғаттың қас-қағым сәттік құбылысын сүгіреттеген өлеңде мақсатты ой айтылмаса да, жырдың әр жолында адамды тылсым тұңғиығына тарта түсетін қаншама терең сыр жатыр.

Күйшілікті де терең меңгеріп, өлеңде де ешкімге дес бермей, екі өнердің тізгінін қатар ұстаған Жұмекен Нәжімеденов сегіз қырлы, бір сырлы – таңғажайып талант. Ол суреткерлікті де, сыршылдықты да, биязылықты да, кеңдікті де, биіктікті де, тереңдікті де, сұлулықты да шығармашылық шеберлігімен ұштастыра білген ұлы ақын. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында күні-түні тынымсыз еңбек етіп, артына жеті том өлмес мұра қалдырған жыр сүлейінің қолына күрек пен қайла алып, тонна-тонна топырақты қазып, алтын іздегендей болған еңбекқорлығы мен өнерге берген адал сертінен айнымаған рухының қайсарлығына жыр жинақтарын парақтаған сайын, сүйсінген үстіне сүйсіне түсесің.

Бүгін «Балаусаны» қайта оқып шыққанымда, Жұмекенді азаттық жайлы қалың ойдың шыңырауына батырып, шығармашылық әлемінің алқабына бостандық туралы ойдың алғашқы дәнін тастаған ақынның кім екенін тапқандай болдым. Ол – Пушкиндер мен Лермонтовтардың өздері азаттықтың ақыны ретінде табынған – Байрон.

Пышақтың қырындай ғана жыр кітабында ақын қайта-қайта Байрон шығармашылығына қызығып, оған қатарынан екі өлең арнайды. Және екі өлең де Байронның емес, тәуелсіздікті аңсаған Жұмекеннің жан шыңырауынан жеткен дауысындай болып естіліп, көңіліңнің бесігін тербетеді.

*Болашаққа деген ізгі бір тілек,
Арман, үміт күн кешіп ел бос қаңғып.
Сөз алғанда сен аңсаған бостандық,
Өз арнаңда өлең ақты күркіреп.*

Қайран, Байрон! Ол өмір бойы қайғы мен қасіреттен көз аша алмай дүниеден өтті. Әділеттілік іздеп, бостандықты аңсаған шайыр туған жерінен де қуылды. Байрон туындыларынан азаттық рухының лебі еседі. Жаны қайсар, мінезі асау ақын жырларындағы бостандық тақырыбының жарығы орыс поэзиясының тұлпарлары Пушкин мен Лермоновтың, немістің тамаша шайыры Гетенің де таным көкжиегін ақыл-парасатының шуағымен аймалап, ойларын көріктендіріп жібергені әдебиет тарихынан белгілі мысалдар. Қазақ ақыны Жұмекен Нәжімеденов те құлдардың қолын қысудан жиіркеніп:

*Судьба! возьми назад щедроты!
И титул, что в веках звучит!
Жить меж рабов – мне нет охоты,*

Их руки пожимать – мне стыд! – деген Байронның кесек мінезіне тамсанып, жүрегін оттай жандырған махаббатын жасыра алмай тебіреніп кетіп, қайсар ақынды табиғат жаратқан өр рухтың құбылысына теңейді.

«Балауса» жинағындағы Байронға арналған екінші өлеңмен танысқанда, Жұмекеннің ақындық рухының азаттық идеясымен жараланып қалғанына анық көзіңіз жетеді.

*Уа, керемет!
Буырқана туды өлең
Сол ғасырда өсек ғайбат гүлеген.
«Азаматтар» азап атты, тас атты*

атқан тастан Байрон букет жасапты.

Жұмекен ағылшын ақынының төкаппарлығы мен азаматтық үнінің асқақтығына бас иіп, бірте-бірте, қоғамдағы әділетсіздіктерге қарсы шындықтың қынабынан суырылып, семсердей сермелген жалынды жырларынан қуат алып, рухтана түседі. Отарлық езгіде жаны жаншылып, ыстық табада шыжғырылған тағдыры есіне түскен шайыр Байронмен рухтас екенін түсініп, оны жақын туысындай жақсы көріп, көңіл көзесіне сыймаған сезімін төгіп алып:

Осы екен ғой, осы екен ғой ой деген,

Осы екен ғой, ақын болып сөйлеген!

Көз алдымда от күреген алақан...

Ой-хой менің британдық дана атам! – деп қатты толқып кетеді.

Неге ақын, сүйегі баяғыда қурап қалған, қазаққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ағылшын Байронға «британдық дана атам» деген өлең жолдарын арнаған? Өйткені ол азаттыққа жету жолындағы тіршілік сапары ауыр болған Байронның өмірі мен бодандықта жүріп, шерменде күй кешкен өз тағдырының үндестігін сезіп отыр.

Бұл тақырып Жұмекенге тәуелсіздік идеясын халқының санасына сыналап сіңіру үшін керек болып тұр. Байронның азаматтық өнегесі осы идеяны жүректерге жеткізу жолындағы таңдап алынған – символдық белгі.

Кіп-кішкентай Британия аралын,

тарсындың сен, жер шарына қарадың.

Арыстандай ағылшындық жүрекпен

асындың сен грек қару-жарағын.

Сөз жоқ, Жұмекен азаттық тақырыбын түрлендіру үшін жан-жақты ізденіп, Байронның өмірі мен шығармашылығын қазымырланып зерттеген. Әсіресе, ақынның «Чайльд Гарольдтың қажылығы» поэмасының Жұмекенге қатты әсер еткені анық байқалады. Француз жазушысы Андре Моруаның, орыс әдебиеттанушысы Анатолий Виноградовтың ақын жайында жазған танымдық кітаптарын

Жұмекен парақтаған болуға тиіс, себебі Байрон туралы өте көп білетіні өлеңдерінен бояуы қанық, айшығы анық болып көрініп тұр.

Толқын болып құладың сен бір керім,

Шалшық болды теңізім деп жүргенің.

Алыс жаға көрінбек ед, көрінбек..

Бітті ақыры даңқты бір өлім боп, – деп Жұмекеннің ақындық жүрегінен өлең болып төгілген ойдың тасқыны, айтылған пікіріміздің шындық екенін растай түскендей.

Лордтардың палатасында жұмысшыларды қорғап, әділеттілікті жақтап сөйлеген жалынды сөздері Байронның атын бір-ақ күнде аспанға шығарған-тын. Билік басындағы атқамінерлердің зәресін ұшырып, елді дүрліктірген оқиғадан соң 23 жасар Байронның атағы аспандап кетті. Арыстан ақынның жаңа ғана жарық көріп, өлі сиясы да кеуіп үлгермеген «Чайльд Гарольд» поэмасының алғашқы екі бөлімін жұрт талап әкетті.

Ағылшын үкіметінің отарлық саясатын әшкерелеп сөйлеген жалынды сөздері биліктің өшпенділігін туғызды. Байронның замандасы, француз жазушысы Стендаль биліктің ақынға деген ашу-ызасын «саяси ашу-ыза» ретінде бағалады. (Қараңыз: Стендаль. 15 томдық шығармалар жинағы. – М., Правда, 1959. 7-том – 297 бет).

1816 жылы ақынға қарсы ұйымдастырылған науқан Байронды біржолата Отанын тастап кетуге мәжбүр етті. Қуғында жүріп ол Италия мен Грекияның тәуелсіздігі үшін күрескен қозғалыстарға қолдау білдірді. Байрон поэзияға азаттықтың рухын алып келді. Ақын қайтыс болғанда жазушы Вальтер Скотт өр ұланын жоқтап, қабырғасы қайысқан халқының қайғысын былай жеткізді: «Әділетті бетке айтқан дауыстың да, оны жамандаған сөздердің де үні бір сәтте өшіп, біздің бойымызды аяқ астынан аспанның жарығы жоғалып кеткендей сезім билеп алды».

«Балаусаны» оқығанда Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы оттай жанған азаттық жалынының кенеттен пайда болуына Байрон шығармашылығынан ұшқындаған ойлардың әсер еткенін

байқайсың. Тәуелсіздікті жырлаудағы екі ел әдебиетіндегі ұлы ақындардың рухани үндестігіне көзің жете түседі. Азаттық тақырыбының бірте-бірте Жұмекен шығармашылығының күретамырына айнала бастағанын көресің...

Амангелді Кеңшілікұлы